

FTAMP 14.01.01

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v63i2.928>

Шарунбекова Д.Т.^{1*}

¹Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

*e-mail: 211301002@stu.sdu.edu.kz

КОМПЬЮТЕРЛІК ЛИНГВОДИДАКТИКА: ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАЗАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада тілді оқыту үрдісіне компьютерлік технологияны ендірудің қазіргі қалпын зерттеу көзделеді. Қолданбалы тіл білімінде жаңа бағыттың – компьютерлік лингвистиканың пайда болғанын теориялық тұрғыда айқындаумен қатар, жасанды интеллект жүйесін, жасанды тілдер үлгілерін құру қажеттілігін алға тартады. Тарихи жүйе ретінде қалыптасқан табиғи тілдер адамдардың өзара қарым- қатынасына қызмет етсе, жасанды тіл де адам-машина, машина-машина, машина-адам қарым-қатынасы үшін жасалғандығын дәлелдегісі келеді. Лингвистика ғылымынсыз жасанды тілді жетілдіру, сонымен бірге адамның компьютермен табиғи тілде қарым-қатынас жүйесін жасау, күрделі адам-машина кешені қызметінің тиімділігін арттыру мүмкін емес екендігі әдістемелік тәжірибелер негізінде анықталған

Түйін сөздер: компьютерлік лингво-дидактика, ақпараттық технология, компьютер, педагогика, оқыту

Кіріспе.

Әлем қарыштап дамуда. Әр күн жаңалыққа толы. Осындай бір орынында тұрмайтын ақпараттық технологиялардың өзгермелі заманы білім-ғылым саласына да әсерін тигізбей қоймайды. Нәтижесінде тіл білімінде жаңа зерттеулер, жаңа бағыттардың орын алғанын байқаймыз. Соның ішінде қазіргі таңда жаңа сала болып табылатын компьютерлік лингводидактика түсінігі кең өріс алуда. Компьютерлік лингводидактика, бұл қандай сала, немен айналысады, нендей ерекшеліктерге ие екендігіне тоқталмас бұрын, әуелі, бұл ғылым саласымен байланысты




лингводидактика, дидактика ғылымдарына тоқталайық. Лингводидактика – ХХ ғасырдың екінші жартысында дидактика мен лингвистиканың тоғысуынан пайда болған жас ғылым саласы. Дидактика нені оқытамыз, не үшін оқытамыз, қалай оқытамыз деген сұрақтарға жауап іздей отырып, білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін

педагогика ғылымының саласы екендігі белгілі. Демек, өзіміздің ұсынған төмендегі 1-сызба бойынша «лингводидактика» түсінігіндегі «лингво» – тіл және «дидактика» түбірлерінің қосылуына қарап, аталған саланың тіл үйрету, тіл оқыту, меңгертуге тікелей қатысты екендігін аңғаруға болады [1].

1-сызба. Лингводидактика ғылым саласының пайда болуы

«Лингводидактика» терминін ғылымға 1969 жылы академик ғалым Н.М.Шанский енгізді. Аталған уақытқа дейін бұл сала дидактикамен бірге қарастырылып, термин ретінде бөлініп шықпағандықтан, ұғым мазмұнын беруде «әдістеме» (методика) түсінігі қолданылған болса, 1975жылы Орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының халықаралық ассоциациясында (МАПРИЯЛ) жаңа термин ретінде бекіді. Н.М.Шанский, Р.К.Миньяр-Белоручев бастаған ғалымдардың басшылығымен «әдістеменің» орнын басты. Әйтсе де «әдістеме»




ұғымымен қатар, кезектестіріп қолданатын ғалымдар да жоқ емес [1].

Сонымен, тілдің фоно-морфо-семантикалық жүйесін зерттейтін тілі білімі саласы мен оны қалай оқыту керектігін үйрететін әдістеме ғылымының (оқыту пәні) қосындысынан лингводидактика саласы пайда болса, енді осы пән мен қазіргі заман талабы болған, қоғамның жоғары сұранысындағы ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) пәнінің интеграциялану нәтижесінде тіл білімінде бұрын сонды болмағанын, жаңа сала – «компьютерлік лингводидактика» пайда болды [2, 81]. (түсінікті болу үшін өзіміз ұсынып отырған төмендегі 2-сызба арқылы көруге болады)

2-сызба.. Компьютерлік лингводидактика ғылым саласының пайда болуы

Компьютерлік лингводидактика – тіл үйрену, оқу, оқыту процесінде компьютер және компьютерлік бағдарламаларды, қосымшаларды қолдану арқылы жүзеге асатын лингводидактиканың бір саласы. Ол ең алғаш компьютерлік технологиялар арқылы тіл үйретудің теориясы мен практикасын меңгерту мақсатында пайда болса, қазір ақпараттық технологиялардың заманында атқаратын рөлі жоғары жаңа сала ретінде саналады. Атап айтқанда, жасанды интеллект, компьютерлік бағдарламалар дизайнын, компьютерлік оқыту теориясы мен практикасын жасауға қатысады. Өз ішінде ақпараттық технология, қолданбалы және математикалық лингвистикамен, компьютерлік



психологиямен тығыз байланысты. Бұл салада айрықша зерттеу жүргізіп жүрген маман М.Леви компьютерлік лингводидактиканың психологиямен етене жақын екендігін өзінің «Компьютерді қолдану арқылы тіл үйрету: мәнмәтін және концептуализация» еңбегінде атап, «Адам – компьютер» арақатынасын өзге ғылым салаларымен байланысын төмендегі 3-сызбада көрсеткен [2].

3-сызба. М.Леви. Компьютерлік лингводидактиканың өзге ғылым салаларымен байланысы

Зерттеудің әдіснамасы.

Бұл жаңа саланың пайда болуы адамды қоршаған әртүрлі салалармен арадағы көпір іспеттес маңыздылыққа ие, дидактика мен лингводидактика саласындағы жаңа бағыт. Өз алдына қойған мәселесі – зерттеу жұмыстарын жаңа қырынан қарастыра зерттеу. Бұл жөнінде ғалым М.А.Бовтенконың редакциясымен шыққан ұжымдық монографияда жазылып, компьютерлік лингводидактиканың ғылыми- әдістемелік аспектісі алғаш былайша негізделген: «аталған лингводидактика жаңа ақпараттық технологияларды, олардың әр пайда болған жаңа мүмкіндіктерін оқу процесінде кәсіби практикалық қолдану тұрғысынан үнемі зерттеліп отырады» [3].

Тіл оқытудың әдістемесі ретінде ХХ ғасырдың 80-жылдарында қалыптасқан бұл ғылыми бағыттың теориялық және қолданбалы аспектілерін қарастыра отырып М.А.Бовтенко зерттеуді үш арнаға бөліп көрсетеді:

Компьютерді пайдалану арқылы тіл үйренудегі теориялық аспектінің жасалуы (компьютерлік лингводидактиканың методологиялық мәселелері, компьютерлік оқу материалдарының типологиясы, оқытудағы компьютер құралдарының әсері, тіл оқытуды компьютерлендірудің психология-педагогикалық мәселелері, компьютер жүйесін оқытудағы дизайн, компьютер арқылы оқыту процесінің коммуникацияға әсері, оның даму мүмкіншіліктері, т.б мәселелерді қарастырады);

Оқу үдерісінде компьютер материалдарының жасалуы және пайдалану тәжірибесі;

Тіл үйрену процесіндегі компьютерлік интеграция жолдары [4, 9].

Жоғарыдағы мәліметтерге қарап бұл саланың тіл оқытудың теориялық сипаттамаларынан практикалық қолданысқа қарай өтіп жаңа бағыт алғанын, шығармашылықты аса қажет ететіндігін көруге болады. Бұл жердегі басты талап – оқытушы-педагогтің жаңа ақпараттық технологияларды оқыту процесіне түсінікті, жүйелі, сапалы түрде енгізе білуінде. Ал компьютерлік лингводидактиканың алдына қоятын мәселесі қолданушы адамның компьютерлік құралдар арқылы электронды материал-оқулық, оқыту бағдарламаларын арнайы мамандардың көмегінен өздігінен құрастыра алуына жағдай жасау болуы қажет.

Зерттеу нәтижелері.

Компьютерлік технологиялардың қолданысы бастапқы кезеңде тіл білімі саласында тіл үйрену, оқыту, лингвистикалық зерттеулер жүргізу мен білім беруді компьютерлендіру мәселесінде қарастырылып, кейін ХХ ғасырдың 80 жылдарында компьютерлік лингводидактика дербес сала ретінде қалыптасты. Жаңа термин ретінде ғылымға 1991 жылы К.Р.Пиотровскийдің ұсынысымен енді [5]. Қазіргі таңда тіл үйренуде ақпараттық технологиялардың пайдаланылуы екі бағытта дамып келеді: алғашқысы ана тілін меңгертуде болса, кейінгісі белгілі бір тілдік ортада шет тілді үйрену есебінде. Бұл екі бағыт бойынша қазіргі күнде компьютерлік оқу материалдары жасалуда. Атап айтқанда, мемлекеттік тілді оқытуға арналған 2007 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген Ф.Оразбаеваның «Қазақ тілі. Электронды оқулық. Қарапайым деңгей», «Негізгі деңгей», «Орта деңгей», «Ортадан жоғары деңгей», «Жоғары деңгей», «Жетік деңгей» атты алты деңгейлік, 2013 жылы шыққан Ж.Қ.Түймебаев, Қ.Қадашева, Ұ.О.Асанованың «Қазақ тілі: деңгейлік оқу әдістемелік кешенінің негізгі оқулығы» қарапайым, базалық, жоғары деңгей атты үш деңгейлік оқу-әдістемелік кешендері бар [6, 5]. Сондай-ақ мектеп бағдарламаларында қолданылып жүрген 5-11 сыныптардың пәндік электрондық оқулықтары, «LinguaLeo», «Duolingo» сияқты қазақ тілін үйренуге арналған «QazaqApp» қосымшасы сынды тіл курстарындағы бағдарламалар мен мемлекеттік тілді жеделдете оқытуға арналған «Жаңа толқын» электрондық оқу құралдары мысал болады.

Талқылау.

Компьютерлік лингводидактикадағы басты ұғым «компьютер» екені белгілі. Ең алғаш бұл терминнің қолданысқа ену барысында техника саласында «есептеуіш машина», «электронды машина», «электронды-есептеуіш машина» (ЭЕМ), «автоматты басқару жүйесі», «автоматтандырылған басқару жүйесі», «модельді автоматтандырылған жүйе», т.б. бірқатар жаңа ұғымдар енгізілсе, тіл білімі саласында да «инженерлік лингвистика», «есептеуіш лингвистика», «мәтінді автоматты түрде өңдеу», «лингвистикалық автомат», «лингвистикалық

материалдарды автоматты түрде өңдеу және сақтау әдістері», «автоматты (машиналық) аударма», «тілдің машиналық қоры», «электронды сөздік», «автоматтандырылған оқыту жүйесі», «сөйлеу сигналдарын автоматты өңдеу жүйесі» ұғымдары пайда бола бастады. Осыдан келе, терминдер қатары өткен ғасырдың 90-жылдары шет елде қалыптаса бастаған «интеллектуалды компьютерлік жүйелерді қолдану арқылы оқыту» («Intelligent Computer Assisted Instruction» ICAI), «ақпараттық технологиялар» («Information Technology» IT), «білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» («Information and Communication Technology in Education/Teaching» ICT) түсініктерімен толығырақ түсті. Қазірдің өзінде әлемдік пандемиядан кейін «қашықтан оқыту» (distance learning), «электронды оқыту», «электронды білім беру» («e-learning», «e-teaching»), виртуалды білім беру («virtual learning»), «онлайн сабақ/дәріс» ұғымдары кең қолданыс тапқаны белгілі.

Компьютерлік лингводидактика тарихына келер болсақ, зерттеуші ғалым М.Варшавский бұл саланың дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырған [7, 14]:

Бихевиоризм кезеңі (1950-1970 жж.) – бақылау-жаттықтыру бағдарламаларының қолданылуы;

Коммуникативті (1970-1980 жж.) – ойын арқылы оқыту және қолданбалы бағдарламалардың басты назарда болуы;

Интегралды (1980-жылдардан қазіргі кезге дейін) – компьютер арқылы коммуникация, гипермедиа құралдарын пайдалануға негізделуі

Бірақ кейінгі ғалымдар бұл бөліністі дәстүрлі және заманауи деп екі кезеңде алып қарайды [8, 15].

Алғашқы кезеңі, дәстүрлі кезеңде оқу процесінің жекеленуі (индивидуализация процесса обучения) және оқушылардың тілдік күзінеттіліктерімен жұмыс жасау мүмкіндігі басты назарға алынды. Білім беруде оқу бағдарламалық құралдарының сапалы жасалуынан бастап, компьютерлік технологиялар арқылы коммуникативті дағдыларды игеру мәселесі қаралды. Тілдің лексикасы мен грамматикасын меңгертуде тілді жаттықтыру, оқыту («tutorial» / «drill and practice») бағдарламалары мысал. Сонымен бірге мәтінді редакциялау, орфографиясын тексеру қызметтері (мәселен, Microsoft Office Word бағдарламасының бір өзінің бойынан осы қызметтерді көреміз), электронды сөздік (бір тілден екінші бір тілге аудару сөздіктері), содай-ақ конкорданс (үлкен көлемді мәтіндерді талдайтын бағдарлама), электронды кесте, энциклопедия, мұрағат (архив), ойын қосымшалары жән т.б. түрлі қолданбалы бағдарламалармен тікелей байланыста жұмыс атқарады. Бұл кезеңде Microsoft Office Word, Excel, PowerPoint бағдарламаларының шығуы үлкен жаңалық болды. Тіпті, жыл сайын жаңа өзгерістермен толықтырылған, жаңартылған үлгілері бүгін де қызу қолданыста. Екінші кезең 90-жылдардан, тіл үйрену процесінде компьютердің техникалық мүмкіншілік сапасының артып, телекоммуникациялық технологиялардың кең түрде тарала бастаған кезіне сәйкес келді. Бейне, дауыс, сөйлеу

дыбысын жазу және қосуды іске асыратын мультимедиа құралдары, CD-ROM, DVD, гипертекст, гипермедиа сияқты бұл телекоммуникациялық технологиялар оқу, жазу, дыбыстау, аудио жазу бағдарламаларымен қоса, сөйлесу, интонация, дыбысталған сөйленісті тексеру дағдыларын жүзеге асырды. Оған Білім беруді ақпараттандырудың педагогикалық технологиялар орталығының (БАПТО) электрондық оқулықтары мысал болса, қазіргі кезде де қазақ тілінен Дәулетбекова Ж, Г.Қосымованың авторлығымен 2017 жылы

«Атамұра» бапасынан шыққан оқулық ұнтаспалары сияқты мектеп оқулықтарының аудио дискілерін айтуға болады.

Сонымен бірге жоғарыда аталғандарға мысал ретінде бүгінгі таңда жасалып жатқан тіл үйренуде «Soyle.kz», «Tilqural.kz» палтформаларын, білім беруде «Bilimland» сайты сияқты жаңадан құрастылып жатқан «Топ IQ» цифрлық платформасын ерекше атауға болады. Геймификация (ақпаратты ойын арқылы жеткізу әдісі) элементтері бар сабақтар, бейнероликтер, суреттер, аудиофайлдар, чаттарда тілдесу қызметтері бар бұл мультимедиялық құралдар арқылы кез келген уақытта аудио-видео сабақтарын көруге, сөздік карточкалары арқылы жаңа сөздер үйренуге, өзін-өзі тексеру үшін тест, жаттығу тапсырмаларын орындауға болады. Сондай-ақ мобильді қосымшалары да бар [9].

Ақпараттық технологияның қарыштап дамып жатқан заманында түрлі инновациялық әдістерді қолдану бүгінгі күннің талабына айналды. Оқытуда компьютерлік бағдарламаларды қолдану оқушының да қызығушылығын арттырып, ойлау, есте сақтау, шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға пайдасы зор. Жаңа технология, компьютермен жабдықталған мектеп, ЖОО-да оқушы-студенттерге сабақ барысында «Canva», «Prezi», «Nearpod», «Emaze», «Buncee», «Edpuzzle», «Mentimeter» атты онлайн интерактивті презентацияларды қолдану өте тиімді. Мәтін, дыбыс, бейне жазбаларын енгізуге болатын бұл бағдарламалар арқылы тақырыпқа сай фильмдерден үзінді беріп, сол арқылы шәкірттің санасына жаңа тақырыпты меңгертуге қол жеткізуге болады. Онлайн, жалпыға бөлісу арқылы, такта ретінде қолданып, лекция барысында бірден тірек-сызба, сызба, кесте, суреттер салып, пікір алмасу, ой бөлісуге, топтық жұмыстар жасауға қолайлы. «Mindmap», «Miro», «Padlet» такталары арқылы менталды карта жасатып, оқушы-студентпен арада кері байланыс жүргізуге болса, тақырыпты меңгеру, білім деңгейлерін тексеруде «Quizizz», «Kahoot», «Quizlet», «Grammar Test», «Pickers», «Wordwall» қосымшаларымен тест, жаттығу, практикалық тапсырмалар жасату арқылы анықтауға болады. Бұл заманауи технологиялардың пайдалану тиімділігінің айқын көрсеткіші.

Компьютерлік бағдарламалардың қолданысы, әсіресе, әлемдік пандемия кезіндегі қашықтан оқыту, онлайн дәрістер жүргізу барысында артқаны белгілі. Ғаламтор желісінде Skype, Zoom, Webex, Google Meet платформаларымен виртуалды кездесу, бейнеконференциялар өткізіліп, дискуссиялар да жүргізілді. Бұл да инновациялық технологияның бір

көрінісі болып табылады [9].

Қазақ тілі грамматикасын оқытуда осыған дейін қолданыста жүрген көптеген әдіс-тәсілдерді айтуға болады, дегенмен біздің басты қарастыратын әдісіміз – подкаст жүйесін құру болғандықтан, осы әдістің түрінен бастап қарастыралық:

Подкаст жасауға арналған 5 сервис түрі бар екендігін қарастырдық. Подкастар алғаш 1990-жылдары шыққанымен, қазір қайта жанданып келеді. Бұл негізінен адамдар мобильдік құрылғыларды көбірек қолдануымен байланысты болып отыр [10]. Оның мысалы Чикаго қоғамдық радиосы (WBEZ) былтыр шығарған Serial подкастын атауға болады.

«Подкастар» – әдетте оларды жасаушылардың веб-сайтынан тыңдауға болатын тегін аудиофайлдар, бірақ қолданушылар көбіне олардың мобильдік құрылғыларына көшіріп алып, жүре тыңдағанды ұнатады. Подкастар алуан түрлі тақырыптарға арналады, оның ішінде журналистика, БАҚ, тіл сабақтарында [10].

Подкаст – бұл жүктеп алуға, онлайн тыңдауға болатын сериалдар, блогтар, аудиoproграммалар. Мұны аудио форматтағы You Tube не Netflix деп айтуға болады. «Подкаст - көліктегі серігіңіз» деген анықтамалар да кездеседі. Радиодан ең бірінші артықшылығы – кез келген уақытта, кез келген жанрда аудио тыңдау мүмкіндігі [11, 58] (1- кестеде). Bilimal.kz сайтының көрсетуі бойынша, төменде берілген П.В. Сыроевтің кестесінде подкаст арқылы оқушылардың тапсырмаларды жүзеге асыру реті берілген. 7-8 сыныптарға арналған бағдарламада оқушылар 10 түрлі қадамдармен сабақ кезеңдерін өткереді.

Кесте - 1.

Подкастты дидактикалық материал түрінде қолдану кезеңдері

I. БЕКІТУ КЕЗЕҢІ (УСТАНОВОЧНЫЙ)	
1-қадам. Жұмысты бекіту және жоспарлау. Мұғалім оқушыларға сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсіндіреді. 7-8 сынып оқушылары подкасты желіге орналастыру платформасын және олардың желідегі іс-әрекетін, сонымен қатар оқу үдерісіндегі бағалау өлшемімен таныстырады.	
Мұғалім	Оқушы
-оқу қызметінің неден тұратынын түсіндіреді;	Ұйымдастыруға қатысты сұрақтар қояды.
-соңғы нәтиже қалай болатынын болжайды;	

-өзге оқушыларды және өзін-өзі бағалау өлшемдерімен таныстырады;	
Алгоритм әрекетімен таныстырады.	
2-қадам. Подкасты серверде орналастыру ережесімен, интернет-пікірталас ұйымдастыру үшін түсініктеме беру ережесімен таныстыру	
Мұғалім	Оқушы
-интернеттегі грамматиканы оқытатын подкаст қызметінің (www.podomatic.com) сайтың береді;	-интернеттегі грамматиканы оқытатын подкаст қызметінің (www.podomatic.com) сайтың алады;
-оқушыларды тіркейді	-подкаст қызметінде тіркеледі;
- оқушыларға (www.podomatic.com) сервисінде подкасты орналастыру жолын түсіндіреді;	- (www.podomatic.com) сайтыңды аудио және видеофайлдарды орналастыру ережелерімен танысады;
-оқушыларға микроблогта орналастыру ережесін түсіндіреді.	- микроблогта орналастыру ережесін түсіндіреді.
3-қадам. Мұғалім оқушылар үшін белгілі бір тақырып бойынша подкаст парақшасын ашады. www.podomatic.com әлеуметтік желісін пайдалана отырып, мұғалім өз тобы үшін жеке парақша ашады. Осы ашқан бетке сайтқа кірушілерге тапсырмалар береді. Мысалы, қазақ тілі сабағындағы «грамматика» тақырыбы және оның құрушысы жазылады. Онда мұғалім 1-2 минуттық подкаст құрып, жаңа сабақты түсіндіргені дұрыс.	
Мұғалім	Оқушы
- подкаст сервисіндегі сайтқа бір подкаст құрады және орналастырады;	Көреді, есте сақтайды, сұрақтар қояды.
-оқушылардың өз подкастын құратын тақырыбын белгілейді;	
- подкаст көлемін анықтайды;	

- бір-бірінің подкаст құру әрекетін талқылау қайда, қалай өтетінін түсіндіреді.	
II. ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗЕҢІ (ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ)	
<p>5-қадам. Тақырып таңдау және подкаст мәтінін құру. Оқушыларға грамматикалық тапсырмалар (подкаст) дайындау ұсынылады. Іздену жұмыстарының алдында әрбір оқушы өзін таныстырады, жасын айтады, тұрғылықты жері мен оқитын мектебін таныстырады. Одан соң подкаст таңдаған тақырыбы бойынша жалғасады. Осы қадамды жасау барысында оқушылар грамматикалық ережелерді меңгереді: мақсатына қарай жұрнақ пен жалғауларды ажырату жұмыстарын жасайды. Мұғалім оқушыға грамматика-лексикалық тұрғыдан сауатты мәтін талдау ережелерін нұсқауы қажет. Кейін подкаст, сервисіне салып, ары қарай талқылауға ұсынады.</p>	
Мұғалім	Оқушы
<p>- оқушылардың өзіндік жұмыстарына мониторинг жасайды</p> <p>-оқушылардың подкаст мәтінін түзетеді</p>	<p>- подкаст мәтінін құрады;</p> <p>- кемшіліктерін қарайды, салыстырады.</p>
Мұғалім	Оқушы
<p>6-қадам. Подкаста жазу. (www.podomatic.com) сервисіндегі қолжетімді желіні қамтамасыз ететін бағдаламаны пайдалана отырып, оқушылар сөйлер сөзін жазады. Желілік бағдарлама оқушының сөйлеген сөзін сапалы болғанша жаза беруіне мүмкіндік береді. Подкаст сонда ғана желіде сақталып, жобаға қатысушыларға қолжетімді болады.</p>	
интернеттегі www.podomatic.com сервисінде подкасты орналастыруын бақылайды;	- интернеттегі өздерінің подкастын www.podomatic.com сервисінде жазады, орналастырады.

<p>7-қадам. Оқушылардың подкастын көру (тыңдау). Әрбір оқушының жасаған подкастын тобы мен сыныптан тыс уақытта мұқият тыңдауы, қарауы керек.</p>	
Мұғалім	Оқушы
- оқушылардың өз тобымен жасаған подкастымен танысуын (тыңдау, қарау) қадағалайды;	- өз тобының жасаған подкасымен танысады.
<p>8-қадам. Подкасты желіде талқылау. Әрбір оқушының подкастын тыңдап болған соң, барлығына подкасты желіде талқылауға қатысу ұсынылады.</p>	
Мұғалім	Оқушы
-оқушылардың әрбір подкастқа түсініктеме жазуын қадағалайды;	- микроблоктағы подкаст парақшасына әрбір подкастқа түсініктеме жазады.
<p>9-қадам. Желіде подкасты талқылаған соң оқушыларды аудиторияға шақырып, жалпы пікірталасқа қатысып, ұнаған подкасы туралы талдау жасауы ұсынылады.</p>	
Мұғалім	Оқушы
-оқушыларға подкасты топпен талқылауды ұсынады.	- ең жақсы подкасты талқылайды.
<p>БАҒАЛАУ КЕЗЕҢІ (ОЦЕНОЧНЫЙ)</p> <p>10- қадам. Өзін-өзі бағалау.</p> <p>11- қадам. Мұғалімнің бағалауы.</p>	

(Кесте П.В. Сысоевтің «Подкасты в обучении иностранному языку» мақаласынан қазақшаға аударылған нұсқасы.)

Қорытынды.

Компьютерлік лингводидактика жаңа сала болғандықтан, отандық ғалымдарымыздың тарапынан зерттеуді аса қажет етеді. Қазір тіл үйрену

болсын, білім беру, оқу-оқыту саласында мультимедиалық технологиялар кең түрде қолданылады. Бір мезетте мәтін, дыбыс, графика, бейнекөрініс, анимациямен қатар жұмыс істеуге мүмкіндік беретін компьютерлік технологиялардың рөлі ерекше.

Тіл меңгеруде сөйлеу, дыбыстауға арналып жасалған арнайы комплексті электронды оқулықтарға қойылар лингвометодикалық талаптар да бір бөлек. Мұндай мультимедиалық құралдар көрнекілік жағынан ғана емес, қолданушының ақпаратты есте сақтау, түсіну, оны көз алдына келтіріп елестету арқылы қабылдау сынды әрекеттеріне пайдалы. Сол себепті де бұл технологиялар қазіргі білім беру процесінің бөлінбес бөлшегіне айналған. ЖОО-дан бөлек мектептерде де жаппай қолданылу белең алуда.

Тіл үйрену, білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар өзінің жаңашылдығымен, интербелсенді, мульти-гипермедиалық, мобильді, көп функциялы қасиеттерімен, қашықтан қолдану қолжетімділігімен маңызы жоғары. Қазіргі инновациялық заманда компьютерлік лингводидактика мәселелері өзекті бола бермек әрі шетелдік ғалымдар тарапынан да, өзіміздің зерттеушілеріміздің тарапынан да талай жан-жақты зерттеуді қажет ететіні белгілі

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Акимова И. И. О соотношении методики и лингводидактики и необходимости национально-ориентированных грамматических описаний русского языка как иностранного / И.И.Акимова // Вестн. Санкт-Петербургского ун-та. МВД России. Сер. Филологические науки. – 2018. – Вып. #7(73)
- 2 Бектұрғанова Ж. Компьютерлік лингводидактика және оның өзекті мәселелері // Ұлағат: Респ.ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым. – Алматы, 2011. – 3 маусым
- 3 Гарцов А.Д. Компьютерная лингводидактика: цели и задачи // Вестник РУДН. – Серия: «Вопросы образования: языки специальности». – 2007. – #2, М.:РУДН, 2007
- 4 Веретенникова В.П. Компьютерная лингводидактика в обучении иностранным языкам / В.П.Веретенникова // Педагогические науки. Современные методы преподавания. – 2017. 556.
- 5 Қазақ тілін оқытудың когнитивті бағыты // <https://tilalemi.kz/article/30> 2020.04.05.
- 6 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика мен фонетика). Алматы, 1995.
- 7 Болғанбаев Ә. «Қазақ тілінің лексикологиясы», -Алматы, 1991 ж.
- 8 Уәлиев Н. Фразеологизм және норма. Алматы, 1998 жыл. 458б.
- 9 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998 ж. 991б.

- 10 Дүйсебаева Д. Қазіргі қазақ тілі (лексикология), оқу қолданбалы материалы. Ташкент, 2008. 48б.
- 11 Медешова А. Оқу ақпаратын ақпараттық технология жағдайында меңгеру // 2005-65б.

References

1. Akimova İ. İ. O sootnoşenii metodiki i lingvodidaktiki i neobhodimosti nasyonälno-orientirovannyh gramaticheskikh opisani ruskogo iazyka kak inostrannogo / İ.İ.Akimova // Vestn. Sankt-Peterburgskogo un-ta. MVD Rosii. Ser. Filologicheskie nauki. – 2018. – Vyp. #7(73)
2. Bektūrġanova J. Kömpüterlik lingvodidaktika jäne onyñ özekti mäseleleri // Üläġat: Resp.ġylymi-psihologialyq jäne pedagogikalыq basylym. – Almaty, 2011. – 3 mausym
3. Garsov A.D. Kömpüternaia lingvodidaktika: seli i zadachi // Vestnik RUDN. – Seria: «Voprosy obrazovania: iazyki ispesiälñöst». – 2007. – #2, M.:RUDN, 2007
4. Veretennikova V.P. Kömpüternaia lingvodidaktika v obuchenii inostrannym iazykam / V.P.Veretennikova // Pedagogicheskie nauki. Sovremennye metody prepodavania. – 2017. 55b.
5. Qazaq tilin oqytudyñ kognitivtı baġyty // <https://tilalemi.kz/article/302020.04.05>.
6. Keñesbaev I., Mūsabaev Ğ. Qazırgı qazaq tılı (leksika men fonetika). Almaty, 1995.
7. Bolġanbaev Ä. «Qazaq tılınıñ leksikologiasy», -Almaty, 1991 j.
8. Uäliev N. Frazеologizm jäne norma. Almaty, 1998 jyl. 458b.
9. Qaidarov Ä. Qazaq tılınıñ özekti mäseleleri. Almaty, 1998 j. 991b.
- 10.10 Dүйсебаева Д. Qazırgı qazaq tılı (leksikologia), oqu qoldanbaly materialy. Taşkent, 2008. 48b.
11. Medeşova A. Oqu aqparatyn aqparattyq tehnologia jaġdaiynda meñgeru // 2005-65b.

Sharipbekova D¹

¹Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: 211301002@stu.sdu.edu.kz

COMPUTER LINGUISTICS: RESEARCH AND KEY CONCEPTS

Abstract. The article deals with the current status of the introduction of computer technologies into the language learning process. Along with the theoretical identification of the emergence of a new direction in applied

linguistics, computational linguistics, the need to create artificial intelligence systems, artificial language models, is put forward. While natural languages, which have emerged as a historical system, serve the communication of humans, artificial language also wants to prove that it was created for the relationship between human-machine, machine-machine, machine-human. Based on the methodological experiments, it is proved that without linguistics it is impossible to improve an artificial language as well as to create a system of human-computer communication in natural language in order to increase the efficiency of a human-machine complex.

Keywords: computational linguistics, information technology, computer, pedagogy, training

Шарипбекова Д.Т.¹

¹Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

*e-mail: 211301002@stu.sdu.edu.kz

КОМПЬЮТЕРНАЯ ЛИНГВИСТИКА: ИССЛЕДОВАНИЕ И ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ

Аннотация. В статье предусматривается изучение современного состояния внедрения компьютерных технологий в процесс обучения языку. Наряду с теоретическим выявлением возникновения нового направления в прикладном языкознании-компьютерной лингвистики, выдвигается необходимость создания систем искусственного интеллекта, моделей искусственных языков. В то время как естественные языки, сформированные как историческая система, служат общению людей, искусственный язык также хочет доказать, что он создан для отношений человек-машина, машина-машина, машина-человек. На основе методических опытов доказывается, что без лингвистической науки невозможно совершенствование искусственного языка, а также создание системы общения человека с компьютером на естественном языке, повышение эффективности деятельности сложного человеко-машинного комплекса.

Ключевые слова: компьютерная лингвистика, информационные технологии, компьютер, педагогика, обучение

Келін түсті 20 Ақпан 2023